

КЛАССИФИКАЦИЯ ЕРЕЖЕЛЕРІ

№ 1 МЕКТЕП ЕРЕЖЕЛЕРІНІҢ ҚОСЫМШАСЫ

Жалпы ақпарат

Мектепке дейінгі білім беру, бастауыш мектеп, орта мектеп және басқа білім беру туралы №561/2004 заңына (Білім туралы заң) сәйкес мен мектептің бекітілген басшысы ретінде мына қағидаларды шығарамын:

Білім туралы заңның 30(2) бөліміне сәйкес қағида Мектеп ережелерінің бір бөлігі болып табылады (“Мектеп ережелерінде оқушылар мен студенттердің білім нәтижелері де болады”). Білім туралы заңның 30-бөліміне сәйкес директиваны мектептің веб-сайтынан және мектептің көпшілікке көрінетін жерінен табуға болады; мектеп қызметкерлері мен мектептегі оқушылар (студенттер) онымен танысып шықты және кәмелет жасына толмаған балалар мен оқушылардың заңды өкілдері оның жарияланғанынан және мазмұнынан хабардар.

МАЗМҰНЫ

1. Курсты және білім беру нәтижелерін, мектептегі және мектеп ұйымдастырған шаралардағы тәртіпті бағалаудың жалпы принциптері
2. Мектептегі және мектеп ұйымдастырған іс-шаралардағы тәртіпті бағалау
3. Оқушылардың өзін-өзі бағалауына арналған принциптер мен ережелер
4. Классификациялық әдістің көмегімен тәртіп пен мектеп нәтижелеріне қойылатын бағалар
5. Мектептегі бағалар мен олардың сипаттамалары, оның ішінде алдын ала анықталған шарттар
6. Тексеру және түзету мақсатында жүргізілген емтихандар туралы мәлімет
7. Бастауыш мектептегі тексеруге арналған емтихан мен түзетуге арналған емтихандар арасындағы айырмашылықтар
8. Мектепке міндетті түрде келуді қажет ететін шетелдегі емтихандар
9. Бағалауға арналған құжаттарды жинау әдісі
10. Арнайы білім алуды қажет ететін оқушыларды бағалау әдісі
11. Дарынды балаларды, оқушыларды және студенттерді бағалау
12. Орынсыз және қауіпті әрекеттерді қарастыру ережелері
13. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

БІЛІМ МЕН ТӘРТІП НӘТИЖЕЛЕРІН БАҒАЛАУ ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Курсты және білім беру нәтижелерін, мектептегі және мектеп ұйымдастырған шаралардағы тәртіпті бағалаудың жалпы принциптері

- a) Педагогикалық қызметкерлер оқушылардың, студенттердің, балалар мен кәмелет жасына толмаған оқушылардың заңды өкілдері немесе кәмелет жасына толмаған оқушылар мен студенттерді бағу міндетін мойнына алған адамдар курс және білім беру нәтижелері туралы уақытылы ақпарат алып отыруын қамтамасыз етеді.
- b) Әр семестр аяқталғанда, оқушыларға есеп беріледі; бірінші семестрде есептің орнына оқушыларға есептің үзіндісі беріледі.
- c) Есептегі оқушының білім нәтижелері бағамен (әрі қарай “классификация” деп аталатын болады) есептеледі. Бағалау әдісін мектеп директоры шешеді.
- d) Оқушы баға қоюдың басқаша әдісін пайдаланатын мектепке ауысқан жағдайда, мектептің немесе оқушының заңды өкілінің сұрауы бойынша классификация вербалдық бағалау әдісіне ауыстырылады.
- e) Оқушының білім алуға мүмкіндігі шектеулі болса, оқушының заңды өкілінің сұрауы бойынша мектеп директоры вербальдық бағалау әдісін қолдануға шешім қабылдайды.
- f) Білім алуы міндетті оқушылар екінші семестрден кейін сынақтан өтпей қалса немесе оларды бағалау мүмкін болмаса, жылды қайта оқиды. Бұл бастауыш мектепте бір жылды қайтара оқыған оқушыға қатысты емес.
- g) Заңды өкілдің өтініші бойынша мектеп директоры міндетті білім алу курсы аяқтап, сынақтан өтпей қалған немесе бағалау мүмкін емес оқушының жылды қайта оқығаннан кейінгі нәтижелерін және өтініш білдіру себебін жан-жақты қарастырғаннан кейін, сол жылды қайта оқуына рұқсат ете алады.
- h) Білім беру шараларына марапаттау немесе басқа да сыйлықтар және дисциплинарлық шаралар жатады. Дисциплинарлық шараларға оқушыны немесе студентті мектептен немесе мектеп жанындағы орталықтан шартты түрде шығару және оқушыға немесе студентке заң тұрғысынан әсер етпейтін басқа дисциплинарлық шаралар кіреді. Марапаттаулар, басқа сыйлықтар және басқа дисциплинарлық шараларды мектептің немесе мектеп жанындағы орталықтың директоры немесе сынып жетекшісі тағайындайды. Осы заңда немесе мектептің ішкі ережелерінде көрсетілген талаптар өрескел бұзылған жағдайда мектеп немесе мектеп жанындағы орталық директоры оқушыны немесе студентті мектептен немесе мектеп жанындағы орталықтан шығару жөнінде шешім шығарады. Мектептен шартты түрде шығару шешімі қабылданғанда, мектеп немесе мектеп жанындағы орталық директоры мерзімі бір жылдан аспайтын сынақ мерзімін анықтайды. Егер сол сынақ мерзімінің барысында оқушы немесе студент осы заңдағы немесе мектептің ішкі ережелеріндегі талаптарды

тағы бұзатын болса, мектеп немесе мектеп жанындағы орталық директоры оны оқудан шығару туралы шешім қабылдайды. Оқушы міндетті білім алу курсы аяқтаған жағдайда ғана мектептен шығарылады.

- i) Оқушы немесе студент мектептің немесе мектеп жанындағы орталықтың қызметкерлеріне сөзбен немесе физикалық шабуыл жасаса, осы заң аясындағы міндеттерді өрескел бұзу деп есептеледі.
- j) Мектеп немесе мектеп жанындағы орталық директоры оқушының немесе студенттің ережені бұзғанын естіген соң екі айдың ішінде оны шартты түрде оқудан шығару туралы шешім қабылдауы керек. Бірақ оқушы немесе студент арнайы заң алдында жауап беретін қылмыстық іс сияқты тәртіп бұзушылық жасаған жағдайда, оны оқудан шығару туралы шешім қабылдау мерзімі бір жылдан асып кетпеуі керек. Мектеп директоры өз шешімі туралы Педагогикалық кеңеске хабарлайды. Қабылданған шешімде басқа күн көрсетілмесе, оқушыны немесе студентті мектептен немесе мектеп жанындағы орталықтан шығару туралы шешім нақтыланған күннің ертесі өз күшіне енеді.

2. Мектептегі және мектеп ұйымдастырған іс-шаралардағы тәртіпті бағалау

- a) Педагогикалық кеңестің қарауында болғаннан кейін, мектеп директоры өзі немесе басқа да заңды немесе жеке тұлғаның бастамасымен ерекше адамгершілік, азаматтық қасиеттері немесе мектепке пайдасы тиетін әрекеттері үшін, мақтауға тұрарлық немесе батыл әрекеттері үшін немесе ұзақ мерзімді ынтымақтастық орнату үшін марапат немесе алғыс хат ұсына алады.
- b) Мектеп директорымен келіскен соң, сынып жетекшісі өз шешімі бойынша немесе басқа да заңды не жеке тұлғалардың бастамасымен оқушының мектептегі жетістіктері үшін немесе ұзақ мерзімді сәтті жұмысы үшін оқушыға марапат немесе алғыс хат ұсына алады.
- c) Мектеп ережелерінде көрсетілген міндеттеме талаптары бұзылған жағдайда, қаншалықты өрескел болуына байланысты оқушыларға мынадай жаза тағайындалуы мүмкін:
 - a. сынып жетекшісінің ескертуі;
 - b. сынып жетекшісінің сөгісі;
 - c. мектеп директорының сөгісі;
- d) Сынып жетекшісі оқушыға сөгіс беретін болса, ол туралы мектеп директорына дереу хабарлауы керек. Мектеп директоры оқушыға сөгіс жарияламас бұрын, Педагогикалық кеңеспен оны талқылауы керек.
- e) Мектеп директоры немесе сынып жетекшісі оқушыға марапат немесе алғыс хат беретін болса немесе ескерту не сөгіс жариялайтын болса, ол туралы дереу оқушыға және оның заңды өкілдеріне хабарлап, себептерін түсіндіруі керек.
- f) Марапат пен алғыс хат және ескертулер немесе сөгістер мектеп құжаттамасына жазылады. Марапаттар мен басқа сыйлықтар сол семестрдегі мектеп құжатында тіркеледі.

- g) Егер екінші семестрдің аяғында оқушыны бағалау мүмкін болмаса, мектеп директоры бағалау күнін өзгертіп, екінші семестрдің соңындағы бағалауды келесі оқу жылындағы қыркүйек айның соңына тағайындай алады. Бағаланғанға дейін оқушы қыркүйек айында келесі жылдың немесе қайта тоғызыншы жылдың бағдарламасын оқиды.
- h) Екінші семестрдің соңында мектеп жоспары бойынша тағайындалған барлық пәннің (құрылымдық білім беру бағдарламасының пәндері мен босатылған пәндерден басқа) сынағынан сүрінбей өтсе, Білім туралы заңның 52(6) бөлімі, үшінші тармағында көрсетілгендей, оқу жылын қайта оқуға рұқсат етілмесе, оқушы келесі жылға өте алады. Оқушының білім нәтижелеріне қарамастан, бастауыш мектептің бірінші сатысындағы оқушы бір жылды қайталап шықса, келесі жылға ауыса алады, сондай-ақ бастауыш мектептің екінші сатысындағы оқушы жылды қайталап шықса, келесі жылға ауыса алады.
- i) Оқушының заңды өкілі бірінші немесе екінші семестр қорытындысы бойынша оқушы дұрыс бағаланбады деп ойласа, бағалау қорытындысы шыққан соң 3 жұмыс күнінің ішінде (сертификат берілгеннен кейін 3 күннен кешікпеу керек) мектеп директорына бағалау нәтижесін қайта қарастыру жөнінде өтініш білдіре алады; егер мектеп директоры оқушының сынып жетекшісі болса, өтінішті аудандық атқарушы органға жіберу керек. Басқаша көрсетілмесе, мектеп директоры немесе аймақтық атқарушы орган оқушыны бағалау нәтижесін қайта қарастыруы керек, ол өтініш жіберілген соң 14 күннің ішінде немесе оқушының заңды өкілімен келісілген уақытта жүргізіледі. Мектеп директорының немесе аймақтық атқарушы органның өтініші бойынша Чех мектептерін қадағалау органы көмек көрсетеді.
- j) Оқушының қорытынды бағаларын қайта қарастыру жөніндегі өтініш оқушының тәртібіне немесе білім беру орталығындағы пәндерге қатысты болса, мектеп директоры (мектеп директоры қайта қарастырылатын пәннің мұғалімі болса, аймақтық атқарушы орган) Білім беру заңының 30(2) бөліміне сәйкес оқушының білім деңгейін бағалау ережелерін сақтауы керек. Бұл ережелердің бұзылғандығы анықталса, мектеп директоры немесе аймақтық атқарушы орган бағалауды өзгертуі керек. Егер оқушының білімін нәтижелерін бағалауға қатысты ережелер бұзылмаған болса, өтініш жіберілген күннен кейін 14 күннің ішінде бағалау нәтижесі расталуы керек. Мектеп директорының немесе аймақтық атқарушы органның өтініші бойынша Чех мектептерін қадағалау органы көмек көрсетеді. Оқушының денсаулығына қатысты маңызды мәселелер туындаған жағдайда, баланың заңды қамқоршысының өтініші және дәрігердің ұсынысы бойынша оқушы жылдың осы сатысын қайталағанына қарамастан, жылды қайта оқуына рұқсат бере алады.

3. Оқушылардың өзін-өзі бағалауына арналған принциптер мен ережелер

- a) Өзін-өзі бағалау процесі – оқушыны бағалаудың маңызды бөлігі, ол оқушының өзін-өзі бағалауын және өз-өзіне деген сенімділігін арттырады.
- b) Ол барлық мұғалімнің оқушының жасына қарай қолданатын білім беру процесінде қолданатын тәжірибесі.

- c) Оқу кезінде қателік жасау – қалыпты жағдай. Мұғалімдер белгілі бір қателіктерді оқушылармен талқылайды, кейбір қағаздарды оқушылар өз бетінше түзете алады, оқушының жұмысын тек классификация арқылы ғана бағалауға болмайды, оның жанында оқушы жіберген қателерді талдау құжаты да болуы керек. Қателіктер – оқу құралының маңызды бір бөлігі.
- d) Өзін-өзі бағалағанда оқушылар төмендегілерді бағамдай алады:
- өзінің мықты тұстары;
 - өзінің осал тұстары және оны жақсарту жолдары;
 - алдағы уақытта қолға алынатын шаралар.
- e) Мұғалімдер оқушының жұмысы мен нәтижелеріне комментарий жазады.
- f) Оқушылардың өзін-өзі бағалауы классикалық бағалаудың (мұғалімнің оқушыны бағалауы) орнын баса алмайды, ол тек бағалау процестерін толықтыру және кеңейту үшін және оқушының белсенділігін арттыру үшін жасалады.
- g) Семестрдің соңында оқушылар мына шарттар бойынша өзін-өзі бағалайды:
- жауапкершілік;
 - оқуға деген мотивация;
 - өз-өзіне сенімділік;
 - сыныптағы қарым-қатынас.
- h) Баға – мотивацияның жалғыз қайнар көзі болмауы керек.

4. Классификациялық әдістің көмегімен тәртіп пен мектеп нәтижелеріне қойылатын бағалар

Оқушының мектептегі және мектеп ұйымдастырған шаралардағы тәртібі төмендегідей бағаланады:

- (a) 1 – өте жақсы;
(b) 2 – қанағаттанарлық;
(c) 3 – нашар.

a) Сынып жетекшісі сол сыныпқа сабақ жүргізетін мұғалімдермен және басқа мұғалімдермен талқылағаннан кейін, оқушының тәртібіне баға қойылады, ал мектеп директоры педагогикалық кеңеспен талқылаған соң, шешім шығарады. Егер сынып жетекшісі бұл процедураны орындамаса, бұл ұсынысты педагогикалық кеңеске басқа мұғалімдер бере алады. Тәртіпті бағалау шарты қарым-қатынас жөніндегі ережелерге (Мектеп ережелері), оның ішінде бағалау кезеңіндегі мектептің ішкі ережелеріне сәйкес орындалады).

b) Тәртіпке қойылатын бағада баланың жасы, моральдық және зияткерлік қабілетін ескеріледі; баланың тәртібін түзеу үшін қолданылған шаралар (егер олар тиімді болмаса) да ескеріледі. Жеке тәртіпке қойылатын бағалардың шарттары мынадай:

1 – өте жақсы: Оқушы қарым-қатынас ережелерін және мектептің ішкі ережелерін саналы түрде сақтайды. Аңда-санда кішігірім бұзықтық жасап қоюы мүмкін. Алайда білім беру шараларына құрметпен қарайды және өз қателіктерін түзетуге тырысады.

2 – *қанағаттанарлық*: Оқушының тәртібі қарым-қатынас ережелеріне және мектептің ішкі ережелеріне қайшы келеді. Оқушы қарым-қатынас ережелерін және мектептің ішкі ережелерін өрескел бұзады немесе үнемі кішігірім бұзақылық жасайды. Сынып жетекшісінің берген сөгісіне қарамастан басқа бұзақылық әрекеттерді жасай береді, осылайша мектептегі білім беру процесіне кедергі келтіреді. Ол өзінің және басқа адамдардың денсаулығына және өміріне қауіп төндіреді.

3 – *нашар*: Оқушының тәртібі өзін-өзі дұрыс ұстау қағидаларын толықтай бұзады. Ол Мектеп ережелерін өрескел бұзады немесе өзінің және басқа адамдардың денсаулығына және өміріне қауіп төндіретін теріс қылық көрсетеді. Ол мектептегі оқыту процестерін әдейі және өрескел бұзады. Ол мектеп директорының сөгісіне қарамастан басқа да бұзақылық әрекеттер жасайды.

5. Мектептегі бағалар мен олардың сипаттамалары, оның ішінде алдын ала анықталған шарттар

- a) Мектеп бағдарламасы бойынша міндетті және қосымша пәндердегі оқушының білім көрсеткіштеріне мынадай бағалар қойылады:
- 1 – тамаша;
 - 2 – өте жақсы;
 - 3 – жақсы;
 - 4 – қанағаттанарлық;
 - 5 – нашар;
- b) Осы бағаларды пайдаланғанда, мектептегі және мектеп ұйымдастырған іс-шаралардағы баланың оқу нәтижелері бағаланады, онда мектептің білім беру бағдарламасындағы жекелеген пәндер кестесінде көрсетілген нәтижелерге, баланың біліміне және жеке сипаттамасына, сондай-ақ жасына қатысты тиісті деңгей анық көрсетіледі. Классификацияда баланың ынта-жігері мен білімге деген құштарлығы, сонымен қатар оның жұмысына әсер ететін жағдайлар кіреді.
- c) Оқушыларды бірінші сатыда бағалау кезінде, бағаны білдіретін сан қолданылса, екінші сатыда 1-параграфқа сәйкес бағаны білдіретін сөз қолданылады.
- d) Классификациялық баға қою үшін пәндер үш топқа бөлінеді:
- теориялық білімге басты назар аударылатын пәндер;
 - практикалық машыққа басты назар аударылатын пәндер;
 - білім мен орындаушылық қабілетке назар аударылатын пәндер.
- e) Кейбір сыныптарға арналған шарттар жалпы классификация үшін жасалады. Алайда мұғалім жоғарыда аталған шарттардың ешқайсысына басымдық бермейді, пәннің ерекшеліктеріне қарай оқушының жұмысын жан-жақты бағалайды.

Теориялық білімге басты назар аударылатын пәндердегі классификация
Лингвистикалық, әлеуметтік ғылымдарда және жаратылыстану және математикада теориялық білімге басты назар аударылады.

Теориялық білімге басты назар аударылатын пәндерде нәтижелерді бағалау кезінде, оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес төмендегілер бағаланады:
– қажітті білімді, фактілерді, концепцияларды, анықтамаларды, үлгілер мен қатынастарды оқу кезіндегі жан-жақтылық, нақтылық және тұрғақтылық, қажетті

зияткерлік және моторикалық жаттығуларды орындауға қажетті қабілеттің сапасы мен ауқымдылығы;

– әлеуметтік және табиғи феноменді және үлгілерді түсіндіру және бағалау кезінде теориялық және практикалық тапсырмаларды шешу үшін алынған білім мен дағдыларды қолдана білу;

– ойлау сапасы, әсіресе логика, ой еркіндігі және шығармашылық;

– жаттығуларды жасауға қатысты әрекеттер;

– сөйлеу және жазу кезінде сөйлемдерді дұрыс, нақты және кәсіби тұрғыда тиянақты және лингвистикалық тұрғыда түсінікті құрау;

– жаттығулар нәтижелеріндегі сапа;

– тәуелсіз білім алудың тиімді әдістерін алу.

Білім беру нәтижелері мына бағалар бойынша жіктеледі:

1 – тамаша

Оқушы қажетті білімді, фактілерді, концептілерді, анықтамаларды және ережелерді жан-жақты, нақты және толық біледі және олардың арасындағы қатынасты жақсы түсінеді. Қажетті зияткерлік және моторикалық жаттығуларды жылдам орындайды. Ол теориялық және практикалық тапсырмаларды алған біліміне және қабілетіне сүйеніп, тәуелсіз әрі шығармашылық тұрғыда шешеді. Оның логикасы орынды, ой еркіндігі мен шығармашылық қабілетін анық көрсетеді. Ол ауызша және жазбаша сөйлемдерді дұрыс, нақты әрі тиянақты құрайды. Графикалық ойлау жүйесі дұрыс әрі талғамы жоғары. Ол жасаған жаттығулардың сапасы жоғары болады, аздаған кемшіліктері де болуы мүмкін. Тиісті мәтінді өз бетінше оқи алады.

2 – өте жақсы

Оқушы қажетті білімді, фактілерді, концептілерді, анықтамаларды және ережелерді жан-жақты, нақты және толық біледі. Қажетті зияткерлік және моторикалық жаттығуларды жылдам орындайды. Ол өз бетінше немесе мұғалімнің көмегімен барынша аз қолданып, алған білімі мен дағдысына сүйеніп, теориялық және практикалық тапсырмаларды орындайды. Феномендер мен үлгілерге түсінік беріп, оларды бағалай алады. Оның ойлау жүйесі жақсы, логикасы мен шығармашылығы идеяларынан байқалып тұрады. Сөйлегенде және жазғанда дұрыстығы, нақтылығы және тиянақтылығы жөнінен аздаған қателіктер жібереді. Жаттығу нәтижелерінің сапасында айтарлықтай олқылықтар болмайды. Графикалық ойлау жүйесі жоғары, үлкен қателіктер байқалмайды. Мәтіндерді өз бетінше немесе мұғалімнің көмегіне аз жүгіну арқылы зерттей алады.

3 – жақсы

Оқушының алған білімін, фактілерді, концептілерді, анықтамаларды ережелерді жан-жақтылық, дұрыстық және толықтығы жағынан жетілдіру керек. Қажетті зияткерлік және моторикалық жаттығуларды орындағанда, олқылықтар жібереді. Өрескел қателерді мұғалімнің көмегімен түзете алады. Теориялық және практикалық тапсырмаларды шешу үшін қажетті білімі мен дағдысын қолдану кезінде қате жібереді. Ол өз білімін қолданып, мұғалімнің көмегімен феномендер мен ережелерді бағалай алады. Ол жап-жақсы ойлайды, бірақ шығармашылық қабілеті төмендеу және логикасында қателер бар. Ол сөйлегенде және жазғанда дұрыстығы, нақтылығы және тиянақтылығы жағынан сөйлемдерінде қате болады. Ол орындаған жаттығулардың нәтижелерінде олқылықтар жиі кездеседі, графикалық ойлау жүйесі төмендеу және аздаған ақаулықтары бар. Ол мұғалімнің көмегінсіз оқи алады.

4 – қанағаттанарлық

Оқушының алған білімін жан-жақтылық, дұрыстық және толықтығы жағынан айтарлықтай жетілдіру керек. Қажетті зияткерлік және моторикалық жаттығуларды орындағанда, жылдам ойлана алмайды және қателіктерді жиі жібереді. Теориялық және практикалық тапсырмаларды шешу үшін қажетті білімі мен дағдысын қолдану кезінде өрескел қате жібереді. Феноменді түсіндіру және бағалау үшін өз білімін қолданғанда, еркін ойлана алмайды. Логикалық ойлау жүйесінде өрескел қателер бар, шығармашылық қабілеті төмен. Сөйлегенде және жазғанда дұрыстығы, нақтылығы және тиянақтылығы жөнінен өрескел қателіктер жібереді. Жаттығуларды сапасында және графикалық ойлау жүйесінде олқылықтар бар, графикалық ойлау жүйесі дұрыс емес. Оқушы өрескел қателерді мұғалімнің көмегімен түзете алады. Өз-өзін дамытуда үлкен қиындықтарға тап болады.

5 – нашар

Оқушы қажетті білімді жан-жақты, нақты және толық алмаған, сонымен қатар білімінде айтарлықтай кемшіліктер бар. Оның қажетті зияткерлік және моторикалық жаттығуларды орындау қабілетінде өте үлкен олқылықтар бар. Теориялық және практикалық тапсырмаларды шешу үшін қажетті білімі мен дағдысын қолдану кезінде өте өрескел қате жібереді. Феномендерді және ережелерді түсіндіру және бағалау кезінде, мұғалім көмектесіп тұрса да, ол өз білімін қолдана алмайды. Баланың ой еркіндігі жоқ, логикалық ойлауында олқылықтар жиі байқалады. Ол сөйлегенде және жазғанда дұрыстығы, нақтылығы және тиянақтылығы жағынан сөйлемдерінде үлкен қате болады. Оның жаттығуларының және графикалық ойлау жүйесінің нәтижелерінде өте үлкен қателер шығады. Оқушы өрескел қателерді мұғалімнің көмегімен де түзете алмайды. Ол өз бетінше оқи алмайды.

Практикалық білімге басты назар аударылатын пәндердегі классификация

Бастауыш мектептерде жұмыс жаттығуларында, жаратылыстану ғылымының тренингтерінде және ақпараттық технология қолданысында практикалық жаттығулар басымдыққа ие болады.

Практикалық білімге басты назар аударылатын пәндерде нәтижелерді бағалау кезінде, оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес төмендегілер бағаланады:

- жұмысқа, жұмыс істейтін ұжымға және практикалық әрекеттерге деген қарым-қатынас;
- практикалық қабілеттер мен әдеттерді үйрену, жұмыс істеудің тиімді жолдарына машықтану;
- теория жүзінде алған білімді практикалық тұрғыда қолдану;
- жаттығу, тәуелсіздік, шығармашылық, практикалық жаттығулардағы бастама;
- жаттығулар нәтижелеріндегі сапа;
- өз жұмысы мен жұмыс орнын реттеу, жұмыс орнының реттелігін сақтау;
- жұмыстағы денсаулық мен қауіпсіздікті және қоршаған ортаны қорғау талаптарына сәйкестік;
- шикізаттарды, материалдарды, қуатты үнемдеп қолдану және жұмыс жасауға кедергі келтіретін нәрселерді жою;
- зертханалық жабдықты және құрылғыларды, құралдарды және датчиктерді пайдалану және оларды күтіп ұстау

Білім беру нәтижелері мына бағалар бойынша жіктеледі:

1 – тамаша

Оқушы жұмысқа, жұмыс ұжымына және практикалық жаттығуларға үнемі оң көзқарас білдіреді; Ол алған теориялық білімін практикалық жаттығуларға жылдам, тәуелсіз және шығармашылық тұрғыда қолданады. Ол практикалық жаттығуларды жылдам, тәуелсіз орындайды және алған қабілеті мен әдеттерін пайдаланады. Ол жұмыс процедуралары мен әдістерін қауіпсіз басқарады; ол болмашы ғана қателіктер жібереді; оның жұмысының нәтижесінде үлкен олқылықтар болмайды. Ол өз жұмысын тиімді ұйымдастырады, жұмыс орнын таза ұстайды. Жұмыста денсаулыққа және қауіпсіздікке көңіл бөледі, сондай-ақ қоршаған ортаны күтіп ұстайды; Ол шикізатты, материалды және қуатты үнемдеп қолданады. Ол зертханалық жабдықты және құрылғыларды, құралдарды және датчиктерді басқаларға үлгі болатындай пайдаланады және күтіп ұстайды. Тап болған қиындықтарды еңсере біледі.

2 – өте жақсы

Оқушы жұмысқа, жұмыс ұжымына және практикалық жаттығуларға оң көзқарас білдіреді; Ол алған теориялық білімін практикалық жаттығуларға өз бетінше қолданады, бірақ шығармашылығы мен сенімділігі аздау. Ол практикалық жаттығуларды өз бетінше орындайды, жұмыс процедурасында және әдістерінде қатысты айтарлықтай қателік болмайды. Оның жұмысының нәтижесінде аздаған олқылықтар болады. Ол өз жұмысын тиімді ұйымдастырады, жұмыс орнын таза ұстайды. Жұмыста денсаулыққа және қауіпсіздікке көңіл бөледі, сондай-ақ қоршаған ортаны күтіп ұстайды; Ол шикізатты, материалды және қуатты үнемдеп қолдану кезінде аздаған қателіктер жібереді. Ол зертханалық жабдықты және құрылғыларды, құралдарды және датчиктерді пайдаланғанда, болмашы қателіктер жібереді. Ол жұмыс барысында тап болған қиындықтарды кейде мұғалімнің көмегімен шешеді.

3 – жақсы

Оқушының жұмысқа, жұмыстағы ұжымға және практикалық жаттығуларға деген көзқарасы жақсы. Мұғалім көмектессе, теориялық білімін практикалық жұмысқа қолдана алады. Практикалық жаттығуларда қателіктер жібереді, сонымен қатар жұмыс процедураларында және әдістерінде мұғалімнен анда-санда көмек сұрап тұрады. Оның жұмысының нәтижесінде олқылықтар болады. Жұмысын дұрыс реттей алмайды, бірақ жұмыс орнын таза ұстайды. Ол жұмыс орнындағы қауіпсіздік және денсаулық сақтау ережелерін бұзбайды, қоршаған ортаны қорғауға аздаған үлес қосады. Мұғалім нұсқау беріп тұрса, шикізатты, материалдарды және қуатты үнемдеп пайдалана алады. Зертханалық жабдықты, құралдарды және датчиктерді күтіп ұстау керектігін айтып отыру керек. Ол жұмыс барысында тап болған қиындықтарды тек мұғалімнің көмегімен шешеді.

4 – қанағаттанарлық

Оқушының жұмысқа, жұмыстағы ұжымға және практикалық жаттығуларға деген қызығушылығы мүлде жоқ. Ол өзінің теориялық білімін практикалық жаттығуларда қолдану үшін үнемі мұғалімнің көмегін қажет етеді. Практикалық жаттығуларда, қабілеті мен әдетін қолдануда үлкен қателіктер жібереді. Жұмыс процедураларын және әдістерін таңдау кезінде, оған үнемі мұғалімнің көмегі қажет. Оның жұмысының нәтижесінде үлкен олқылықтар болады. Оның жұмысын реттеу үшін үнемі мұғалімнің көмегі қажет, ол жұмыс орнын таза ұстауға көңіл бөлмейді. Жұмыс орнында денсаулық сақтау және қауіпсіздік ережелерін сақтамайды және қоршаған ортаны күтіп ұстамайды. Ол шикізатты, материалдарды және қуатты үнемдеп қолдану қағидаларын бұзады. Зертханалық жабдықты және құрылғыларды, құралдарды және датчиктерді

пайдалану және оларды күтіп ұстауда үлкен олқылықтар жібереді. Ол жұмыс барысында тап болған қиындықтарды тек мұғалімнің көмегімен шеше алады.

5 – нашар

Бұл оқушы жұмысқа, жұмыстағы ұжымға және практикалық жаттығуларға мүлде қызықпайды. Мұғалім көмектесіп жатса да, теориялық білімін практикалық жұмыста пайдалана алмайды. Практикалық жаттығуларда, қабілеті мен әдетін қолдануда өте үлкен қателіктер жібереді. Ол жұмысты мұғалімнің көмегімен де жасай алмайды. Ол жұмысын аяқтамайды, толық бітірмейді, дұрыс жасамайды және тиісті көрсеткіштерге жете алмайды. Жұмыс орнын реттей алмайды, жұмыс орнында тазалық сақтамайды. Ол жұмыс орнындағы денсаулық сақтау және қауіпсіздік ережелерін білмейді және қоршаған ортаны қорғауға еш көңіл бөлмейді. Ол шикізатты, материалдарды және қуатты үнемдеп пайдаланбайды. Зертханалық жабдықты және құрылғыларды, құралдарды және датчиктерді пайдалану және оларды күтіп ұстауда үлкен олқылықтар жібереді.

Білімге басты назар аударылатын пәндердегі классификация

Мына пәндерде білімге басты назар аударылады: өнер туралы білім, музыка және ән, физикалық білім, спорттық ойындар, экология және бұқаралық ақпарат туралы білім.

Дәрігер тарапынан жеңілдік қарастырылуы керектігі ұсынылса, арнайы физикалық білім алатын оқушыны денсаулық жағдайына қарай бағалау керек.

Білімге басты назар аударылатын пәндерде нәтижелерді бағалау кезінде, оқу бағдарламасының талаптарына сәйкес төмендегілер бағаланады:

- шығармашылық қабілеті мен өз ойын білдірудегі еркіндік деңгейі;
- қажетті білім, тәжірибе алу, жаттығулар жасау және оларды шығармашылыққа пайдалану;
- жаттығуларға қатысты ережелерді білу және оларды жаттығу жасау барысында пайдалану;
- сөйлеу тиянақтылығы;
- оқушының жаттығуларға деген қарым-қатынасы және қызығушылығы;
- эстетикалық қабылдау, қоғамдағы өнер туындыларын және эстетикалық шығармаларды көру;
- оқушының денсаулығын, физикалық қабілетін, жұмыс көрсеткішін және өз денсаулығын күту әдетін ескерте отырып, физикалық білім алу.

Білім беру нәтижелері мына бағалар бойынша жіктеледі:

1 – тамаша

Оқушы жаттығуларды өте белсенді. Ол шығармашыл, тәуелсіз, өзінің жеке қабілетін толықтай пайдаланады және жеке және топтық жұмыстағы оқу жоспарының талаптарына сәйкес өте жақсы дамиды. Оның сырт тұлғасы эстетикалық тұрғыда тартымды, өткір мінезді, музыкалық және физикалық білімі нақты. Ол алған білімін, қабілеттерін және әдеттерін шығармашылық тұрғыда қолданады. Ол өнерге, эстетикалық шығармаларға және сымбат мәдениетіне қатты қызығады және оларға белсенді араласады. Ол өзінің эстетикалық талғамын және физикалық сымбатын әрдайым дамытып отырады.

2 – өте жақсы

Оқушы белсенді, шығармашыл, бойындағы қабілетін өз бетінше қолдана біледі. Соның арқасында жеке және топтық ортада жақсы дамиды. Оның сырт тұлғасы

эстетикалық тұрғыда тартымды, оқу жоспарына қатысты талаптарды орындауда болмашы олқылықтары бар. Оқушы жаңа тапсырмаларға алған білімін, қабілеті мен әдеттерін шығармашылық тұрғыда қолданады. Ол өнерге, эстетикалық шығармаларға және сымбат мәдениетіне қызығады. Ол өзі қалаға эстетикалық талғамға, сымбаттылыққа талпынады.

3 – жақсы

Оқушының белсенділігі, шығармашылығы, тәуелсіздігі және жылдамдығы төмендеу. Өз қабілетін жеке және топтық жұмыста жеткілікті түрде қолдана алмайды. Оның сөйлеу мәнері айтарлықтай тартымды емес, қателіктер жібереді. Оның білімі мен қабілеттерін дамыту керек, оларды қолдануға мұғалім көмектесуі керек. Ол өнерге, эстетикалық шығармаларға және сымбат мәдениетіне онша қызықпайды. Ол өзінің эстетикалық талғамы мен физикалық сымбатын қажетінше дамытпайды.

4 – қанағаттанарлық

Оқушы жаттығуларды өте белсенді және шығармашыл емес. Оның қабілеттері мен сөйлеу мәнері қанағаттанарлық деңгейде. Ол тапсырмаларды орындағанда жиі қате жібереді. Ол өз білімі мен қабілетін мұғалімнің көмегімен ғана қолдана алады. Оның жаттығуларға деген қызығушылығы төмен, өзінің эстетикалық талғамы мен физикалық сымбатын дамытпайды.

5 – нашар

Оқушы жаттығуларды орындамайды. Оның өз қабілеттерін бағалау көрсеткіші төмен. Оның сөйлеу мәнері дұрыс емес және эстетикалық талғамы жоқ. Алған білімі мен қабілеттерін аз болса да қолдана алмайды. Жұмысқа деген қызығушылық танытпайды және өзінің эстетикалық талғамы мен физикалық сымбатын дамытуға құлқы жоқ.

Есепте оқушы жалпы былай бағаланады:

- (a) өте жақсы өтті;
- (b) өтті;
- (c) өтпеді;
- (d) бағаланбады.

Оқушы балай бағаланады:

- (a) мектеп жоспары бойынша міндетті пәндердің ешқайсысына мектеп есебінде 2-ден (өте жақсы) төмен баға қойылмаса және мектеп бағдарламасы бойынша барлық міндетті пәндерден алған бағалардың орташа көрсеткіші 1,5-нан аспайтын болса және оның тәртібі өте жақсы деп бағаланатын болса, өте жақсы өтті деген баға беріледі.
- (b) мектеп бағдарламасындағы міндетті пәндердің ешқайсысына мектеп есебінде 5 (нашар) қойылмаса немесе соған сәйкес келетін вербальдық баға қойылмаса, өтті деген баға беріледі;
- (c) мектеп бағдарламасындағы міндетті пәндердің ешқайсысына мектеп есебінде 5 (нашар) қойылса немесе соған сәйкес келетін вербальдық баға қойылса немесе екінші семестрдің соңында бұл пәннен баға алмаса, *өтпеді* деген баға беріледі;
- (d) бірінші семестрдің соңында мектеп бағдарламасы бойынша міндетті пәндердің қайсыбірінен баға ала алмайтын болса, бағаланбады деп есептеледі.

Чех Республикасының азаматы емес және Чех Республикасында міндетті білім алып жүрген оқушыларды бағалаған кезде, чех тілі бойынша алған білім деңгейі оқушының жалпы көрсеткішіне қатты ықпал ететін фактор болып табылады. Бастауыш мектепке арналған Құрылымдық білім беру бағдарламасында көрсетілген “Чех тілі және әдебиеті” пәні бойынша оқушыны бағалағанда, Чех Республикасындағы мектепке бара бастағаннан кейінгі үш семестр соңындағы чех тілі бойынша білім деңгейі оқушының жалпы көрсеткішіне қатты ықпал ететін фактор болып табылады.

6. Тексеру және түзету мақсатында жүргізілген емтихандар туралы мәлімет

- a) 9-сынып оқушылары және берілген бастауыш мектеп сатысында жылды қайталамаған және екінші семестрдің соңында бағаланатын пәндерден басқа кемінде екі міндетті пәннен құлап қалған оқушылар қателермен жұмыс істейтін емтиханға жіберілуі керек.
- b) Қателермен жұмыс істеу емтиханы тиісті оқу жылының соңында жүргізіледі. Емтихан болатын күнді мектеп директоры тағайындайды. Оқушылар бір күнде тек бір қателермен жұмыс істеу емтиханын тапсыра алады. Қателермен жұмыс істеу емтихандарын комиссияға дейін тапсырады.
- c) Қателермен жұмыс істеу емтиханынан сүрінген немесе оған келмей қалған оқушы емтиханнан өтпеген болып есептеледі. Маңызды себептерге байланысты келе алмаса, мектеп директоры келесі оқу жылының 15 қыркүйегіне дейін тапсыруға рұқсат етуі мүмкін. Оған дейін оқушы келесі жылдық оқуға тағайындалады немесе қайта тоғызыншы сыныпты оқитын болады.
- d) Кейбір жағдайда аймақтық атқарушы органның шешімі бойынша қайта тапсыру емтиханы мен комиссиялық емтихан басқа бастауыш мектепте жүргізілуі мүмкін. Аймақтық атқарушы органның сұрауы бойынша емтиханға мектеп инспекторы қатысады.

7. Бастауыш мектептегі тексеруге арналған емтихан мен түзетуге арналған емтихандар арасындағы айырмашылықтар

- a) Қайта тапсырылатын емтиханның комиссиясын мектеп директоры тағайындайды. Мектеп директоры сол пәннен беретін болса, комиссияны аймақтық атқарушы орган тағайындайды.
- b) Комиссия үш адамнан тұрады:
төраға, ол мектеп директоры немесе мектеп директоры тағайындаған мұғалім. Егер директор сол пәннен беретін болса, аймақтық атқарушы орган тарапынан басқа мұғалім тағайындалады;
емтихан алушы мұғалім, ол оқушы оқитын сыныптағы пән мұғалімі немесе сол пәннен беретін басқа мұғалім;
бағалаушы, сол пәннен немесе Бастауыш мектепке арналған Құрылымдық білім беру бағдарламасында көрсетілген салаға қатысты пәннен беретін басқа мұғалім.

- c) Қайта тапсырылған емтиханның нәтижесіне келіспей, қайта емтихан тапсыру жөнінде сұрау салуға болмайды. Қайта тапсырылатын емтиханның нәтижесін комиссия мүшелері дауыс беру арқылы анықтайды. Қайта тапсырылатын емтиханның нәтижесі вербальдық немесе баға түрінде беріледі. Мектеп директоры қайта тапсырылған емтиханның нәтижесін оқушыға және оқушының заңды өкіліне ашық көрсетуі керек. Бірінші немесе екінші семестрдің соңында баға өзгеретін болса, оқушыға жаңа мектеп есебі беріледі.
- d) Қайта тапсырылған емтиханда жасалған жазба, ол мектеп құжаттамасының бір бөлігі болып табылады.
- e) Оқушы бір күнде тек бір пәннен емтихан тапсыра алады. Маңызды бір себептерге байланысты оқушы тиісті мерзімге дейін емтиханды қайта тапсыра алмайтын болса, комиссия тағайындаушы орган емтиханды қайта тапсыру күнін ауыстыруы керек.
- f) Қайта тапсырылатын емтиханның арнайы мазмұны мен ауқымын мектептегі оқу бағдарламасына сәйкес мектеп директоры жасайды.
- g) Қайта тапсырылатын емтихан қателермен жұмыс істеу емтиханына әсер етпейді.

8. Мектепке міндетті түрде келуді қажет ететін шетелдегі емтихандар

Шетелдік мектепте міндетті оқу бағдарламасына қатысатын және емтихан тапсыратын оқушы мына пәндерден емтихан тапсырады:

- a) бастауыш мектепке арналған Құрылымдық білім беру бағдарламасында көрсетілген “Чех тілі және әдебиеті” пәні бойынша барлық жылдағы оқу бағдарламасы;
- b) бастауыш мектепке арналған Құрылымдық білім беру бағдарламасында көрсетілген “Адам және әлем” оқу бағдарламасындағы Чех Республикасының ұлттық тарихы мен географиясы туралы бірінші сатының соңғы екі жылы бойынша;
- c) бастауыш мектепке арналған Құрылымдық білім беру бағдарламасында көрсетілген “Тарих” пәні бойынша Чех Республикасына қатысты оқу материалынан және “География” пәні бойынша Чех Республикасына қатысты оқу материалынан екінші сатыда емтихан тапсырады.
- d) Шетелде жекелей оқыту бағдарламасы бойынша міндетті білім алатын оқушы емтихан тапсыратын мектептегі оқу бағдарламасында көрсетілген әрбір пән бойынша емтихан тапсырады.
- e) Емтихан мазмұнындағы материалдар 1-ші және 2-ші параграфқа сәйкес міндетті білім алған кезең бойынша жасалады. Емтиханның арнайы мазмұны мен ауқымын мектептегі оқу бағдарламасына сәйкес мектеп директоры жасайды. Мектеп директоры емтихан болатын күнге дейін

оқушыға және оның заңды өкіліне емтиханның мазмұнын және ауқымын таныстыруы керек.

- f) Емтихан оқу жылының кемінде бір семестрі бойынша болуы шарт, бірақ екі оқу жылынан асып кетпеуі керек.
- g) Емтиханды комиссияға дейін тапсырады. Комиссия мүшелерін мектеп директоры тағайындайды.
- h) Комиссия үш адамнан тұрады:
- төраға , емтихан тапсырылатын мектептің директоры немесе мектеп директоры тағайындаған мұғалім;
 - емтихан алушы мұғалім, ол оқушы оқитын сыныптағы пән мұғалімі немесе сол пәннен беретін басқа мұғалім;
 - бағалаушы, сол пәннен немесе Бастауыш мектепке арналған Құрылымдық білім беру бағдарламасында көрсетілген салаға қатысты пәннен беретін басқа мұғалім.
- i) Емтихан болатын күнді мектеп директоры оқушының заңды өкілімен ақылдасады, емтихан тапсырылатын кезең біткен соң, екі айдың ішінде ұйымдастырылуы керек. Оқушының заңды өкілі мен емтихан жүретін мектептің директоры өзара келіспеген болса, емтихан болатын күнді мектеп директорының өзі тағайындайды. Маңызды бір себептерге байланысты белгіленген уақыт аралығында оқушы емтиханды қайта тапсыра алмайтын болса, емтихан жүретін мектептің директоры басқа бір күнді тағайындауы керек, осылайша емтихан белгіленген уақыт өткен соң төрт айдың ішінде тапсырылуы керек.
- j) Емтихан алдында оқушының заңды өкілі емтихан өтетін мектептің директорына оқушының шетелдік мектептегі тиісті оқу жылына арналған есебі мен оның чех тіліндегі аудармасын ұсынады. Мектеп табелінде оқушының бастауыш мектеп білімі немесе оқу жылының семестрі бойынша сынақтардан өткені немесе өтпегені анық көрсетілмесе, оқушының заңды өкілі оқушының бастауыш мектеп білімі немесе оқу жылының тиісті семестрі бойынша сынақтан өткендігін немесе өтпей қалғандығын растайтын анықтаманы және оның чех тіліндегі аудармасын көрсетуі керек. Оқу жылының соңындағы 9-сынып оқушының жалпы үлгерімін анықтау үшін емтихан нәтижесі және оқушының тоғыз жылдық жалпы білім алғандығы туралы шетелдік мектеп берген анықтама керек. Аударма дұрыс болмаған жағдайда, емтихан алатын мектептің директоры ресми түрде расталған аударманы талап етуге құқығы бар.
- Емтиханда жасалған жазба, ол мектеп құжаттамасының бір бөлігі болып табылады.
- k) Емтиханның нәтижесін комиссия мүшелері дауыс беру арқылы анықтайды. Емтиханның нәтижесі вербальдық немесе баға түрінде беріледі. Емтихан алатын мектеп директоры емтиханның нәтижесін оқушыға және оқушының заңды өкіліне ашық көрсетуі керек. Емтихандарды тапсырғаннан кейін, емтихан алатын мектептің директоры оқушыға мектеп табелін береді. Мектеп табелінде оқушының тәртібіне қатысты баға болмайды. Табельде мынадай мәтін болуы керек: “Žák (yně) plní povinnou školní docházku podle § 38 školského zákona” (Білім туралы заңның 38 бөліміне сәйкес оқушы міндетті білім алады).

- l) Оқушының заңды өкілі емтихан нәтижелері дұрыс емес деп санаса, емтиханның қайта тапсырылуын сұрай алады.

9. Бағалауға арналған құжаттарды жинау әдісі

- a) Жалпы баға қойғанда, мұғалім оқушының жас ерекшелігін және денсаулық жағдайына байланысты бағалау кезеңінде үлгерімі төмендеп кеткен жағдайларды ескереді.
- b) Оқу бағдарламасы бойынша берілген баға және мұғалімдердің оқушының үлгерімі мен тәртібін бағалауы анық, жан-жақты, алдын ала анықталған шарттарға сәйкес, дәйекті, педагогикалық тұрғыда қарастырылған, кәсіби тұрғыда дұрыс және көрнекі болуы керек.
- c) Мұғалімдер оқушыны бағалауға қажетті деректерді мына әдістердің көмегімен алады: оқушыларды жүйелі түрде қадағалау, олардың үлгерімін және сабаққа дайындығын бақылау, түрлі сынақ түрлері (жазбаша, ауызша, графикалық, практикалық, физикалық және т.б.), жазбаша сынақтар, оқушылардың түрлі жұмыстарының нәтижелерін талдау, басқа мұғалімдермен және қажет болған жағдайда, психологиялық және денсаулық сақтау мамандарымен кеңесу.
- d) Бастауыш мектептегі 2-ші және 9-шы сынып аралығындағы оқушылар әр пән бойынша бір семестрде кемінде екі бағадан алуы керек. Мұғалімдер бүкіл классификациялық кезең бойынша баға береді. Классификация кезеңінің соңында оқушыдан бүкіл кезең бойынша ауызша емтихан алуға болмайды. Емтихан міндетті түрде сыныпта басқа оқушылармен бірге өткізілуі керек; Сабақ біткен соң мұғалімдер бөлмесінде жеке емтихан алуға тыйым салынады. Мүмкіндігі шектеулі балалар үшін ерекше жағдайлар қарастырылған және ол әдіс психологтің рұқсатымен орындалады.
- e) Мұғалім оқушыға әрбір бағалау нәтижесін көрсетеді, берген бағасын негіздеп, бағаланған шығарманың, жұмыстың және туындының оң және теріс аспектілерін көрсетеді. Ауызша емтихан тапсырғаннан кейін, мұғалім оқушыға бағалау нәтижесін бірден көрсетеді. Жазбаша емтиханың, қағаздардың және практикалық жұмыстардың нәтижелері оқушыға 14 күннің ішінде хабарлануы керек. Мұғалім жалпы классификацияда қарастырған оқушының барлық бағасын оқушының заңды өкіліне хабарлайды. Нақтылап айтқанда, оқушының күнделігіне жазып береді және оқушының өзіне де айтады.
- f) Мұғалім жазбаша емтихандарды және басқа сынақтарды оқу жылына біркелкі үлестіреді. Олардың барлығы бір кезеңде өткізілмеуі керек.
- 25 минуттан артық уақыт алатын жазбаша емтиханның күнін мұғалім оқушыларға алдын ала ескертеді. Ол сынып журналына жазба қалдырып, басқа мұғалімдерді де құлағдар етеді. Бір күнде оқушылар тек бір сынақ тапсыруы керек.
- g) Мұғалім әрбір оқушының бағаларын жүйелі түрде жазып отыруы керек, сонда ол әрдайым оқушының жалпы классификациясын және (ауызша немесе жазбаша емтихандарда т.б.) бағалардың қалай қойылғанын дәлелдей алады. Классификация кезеңінде мұғалім ұзақ уақыт жұмысқа

келмесе немесе жұмыстан шығып кетсе, классификациялық деректер басқа мұғалімге немесе мектеп басшылығына табысталады.

- h) Классификациялық бағаны сол пәннен беретін мұғалім қояды. Оқушы ұзақ уақыт бойы мектептен тыс жерде болса (санаторийде емделу, ауруханада жату, мекемелерге уақытша орналастыру және т.б.) мұғалім баға қоярда оқушының жатқан жері қойған бағаға сүйенеді және оқушыдан қайта емтихан алмайды.
- i) Классификациялық кезеңнің соңындағы әр пән бойынша қойылатын бағаны анықтау кезінде, оқушының бүкіл классификациялық кезеңдегі жұмыс сапасы мен оқу нәтижелері бағаланады. Бағаны белгілі бір кезеңнің орташа бағасы ретінде қоюға болмайды. Классификациялық кезең үшін қойылған қорытынды баға оқушы алған баға мен ата-аналарға жіберілген бағамен бірдей болуы тиіс.
- j) Оқушы үлгерімінің төмендігі мен оның тәртібінің нашарлығы педагогикалық кеңесте қаралады, ол әдетте 15 қараша және 15 сәуір күндері болады.
- k) Классификациялық кезеңнің соңында мектеп директоры белгілеген күні (классификацияға қатысты педагогикалық кеңес болатын күнге 48 сағат қалғанға дейін) әр пәннің мұғалімі классификациялық кезеңнің нәтижелерін каталогке жазады және қателермен жұмыс істеу сынақтарына арналған ұсыныстарды дайындайды.
- l) Оқушының заңды өкілі оқушының бағалары мен тәртібі жайлы хабардар болады: бірінші және екінші семестрдің ортасында сынып жетекшісі және әр пәннің мұғалімі хабарлайды; оқушының заңды өкілі өтініш білдірген жағдайда, сынып жетекшісі немесе мұғалім.
- m) Бұндай ақпарат ата-аналарға жеке жиналыстар немесе сөйлесу сағаттары ұйымдастырылғанда айтылады. Ондай шараларға ата-аналар жазбаша шақырту алады. Мектеп тағайындаған күні ата-ана келе алмайтын болса, жеке кеңес алу мүмкіндігі беріледі. Оқушының тәртібіне қатысы классификация және бағалау деректері оқушының заңды өкіліне ғана айтылады. Оны жалпыға ортақ жариялауға болмайды.
- n) Оқушының үлгерімі қатты нашарлап кеткен жағдайда, сынып жетекшісі оқушының ата-анасына дереу хабарлайды және тиісті дәлел көрсетеді.
- o) Егер оқушыға қойылатын баға жазбаға немесе графикалық жұмысы негізінде анықталатын болса, ол жұмыстар оқушының бағасы қойылғанға дейін немесе оқушының ата-анасы апелляциялық шағым түсіргенге дейін сақталады. Яғни бүкіл оқу жылына (негізгі демалыстарды қоса алғанда) немесе келесі оқу жылының 30 қазанына дейін қателермен жұмыс істеу емтихандары тапсырылғанша сақталады. Түзетілген жазбаша қағаздар оқушылардың барлығына және ата-аналарына (өтініш бойынша) берілуі керек.
- p) Мұғалім педагогикалық әдеп қағидаларын сақтауы керек, әсіресе оқушы бір аптадан артық уақыттан кейін сабаққа қайта келгенде, оған баға қойылмайды, оқушылар өздері жоқ болған кездегі оқу материалдарын меңгеріп, тапсырмаларды орындап үлгеруі керек. Емтиханның мақсаты оқушының біліміндегі олқылықтарды табу емес, олардың нені білетінін бағалау, мұғалім тек өткен сабақтар бойынша ғана бағалауы керек, бүкіл

сыныпқа жаңа материалды өз беттерінше оқуға беруге болмайды, оқушылардың білімін тексермес бұрын, оқушылар материалды меңгеруіне, тәжірибеде қолдануына және қорытуына қажетті уақыт берілуі тиіс, пән бойынша жеткілікті білім алған соң ғана, оқушылардың білімі тексеріледі.

- q) Сынып жетекшілері (білім беру кеңесшісі) оқушыны бағалау әдісіне және деректер алу әдісіне қолданылатын психологиялық сынақтардың ұсыныстарын басқа мұғалімдерге таныстыруы керек. Жаңа емтихандар туралы дерек педагогикалық кеңесте мұғалімнің (білім беру кеңесшісі) есебінде айтылуы керек.

10. Арнайы білім алуды қажет ететін оқушыларды бағалау әдісі

- a) Арнайы білім алуды қажет ететін бала, оқушы және студент – мүмкіншілігі шектеулі, денсаулығында кінәраты бар немесе әлеуметтік жағдайы нашар адам. Мектеп ережелерінде қарастырылғандай, мүмкіндігі шектеулі адамдарға ақыл-есінде кемшілігі бар, көру немесе есту қабілеті нашар, дұрыс сөйлей алмайтын, денсаулығында бірнеше кінәраты бар, аутизммен ауыратын және оқуға қабілеті жоқ немесе мінез-құлқында ауытқушылықтары бар адамдар жатады. Денсаулыққа қатысты кінәраттарға адам денсаулығының нашар болуы, ұзақ мерзімді ауру немесе оқуға деген қабілетті нашарлататын және мінез-құлқына кері әсер ететін кішігірім ауытқушылықтар жатады. Әлеуметтік жағдайы нашар адамдарға әлеуметтік-мәдени статусы төмен, әлеуметтік-патологиялық феномен қаупіндегі адамдар, институттық немесе қорғанысы қамтамасыз етілген білім алуға мұқтаж немесе босқын статусы бар және Чех Республикасындағы босқындар лагеріндегі адамдар кіреді.
- b) Арнайы білім алуды қажет ететін оқушылар балалар, оқушылар және студенттер білім алуға, сонымен қатар білімдерін бағалатуға құқылы.
- c) Арнайы білім алуды қажет ететін оқушылар мен студенттерді бағалау кезінде, мүмкіндігінің қаншалықты шектеулі екені немесе кемістігі ескеріледі. Мұғалімдер оқушылардың психологиялық сынақ нәтижелерін ескереді және оларды оқушылардың мінезін бағалау кезінде қолданады, сонымен қатар деректерді алудың дұрыс әрі тиісті әдістерін пайдаланады.
- d) Оқушының білім алуға мүмкіндігінде ақаулық болса, оқушының заңды өкілінің сұрауы бойынша мектеп директоры вербальдық бағалау әдісін қолдануға шешім қабылдайды.
- e) Оқушының білімі мен қабілетінің деңгейін анықтау үшін мұғалім оқушының қабілетіне сәйкес келетін және ауытқушылықтарына теріс әсер етпейтін емтихан түрлерін таңдайды. Бұндай оқушылар бақылау жұмыстарын және диктанттарды алдын ала дайындықтан кейін жасайды. Қажет болған жағдайда, балаға өз бойындағы ауытқушылыққа байланысты дұрыс орындай алмайтын тапсырма берілмейді.
- f) Мұғалім оқушыға жақсы орындай алатын тапсырмаларды көбірек беруге тырысады. Бағалау нәтижесі жіберілген қателер санына байланысты емес, баланың сәтті орындаған әрекеттерінің санына байланысты қойылады.

- a) Классификациямен бірге бағалау жұмыстары жүргізіледі, яғни оқушы жұмысының оң аспектілері айтылады, жасаған қателіктерінің себебі түсіндіріледі және кейбір кемшіліктерді қалай түзетуге болатыны туралы нұсқау беріледі.
- b) Ұсынылған педагогикалық шаралардың барлығы ата-аналармен талқыланады және олардың оң немесе теріс көзқарастары ескеріледі.
- c) Бағалау кезінде мұғалім оқушының қателеріне емес, дұрыс орындаған тапсырмаларына көбірек көңіл бөледі, осылайша олардың оқуға деген ынтасын арттыруға тырысады.
- d) Басқа нормативтік актілерде басқаша айтылмаса, Арнайы білім алуды қажет ететін және дарынды оқушыларға берілетін білім № 48/2005 бұйрыққа сәйкес басқарылады.

11. Дарынды балаларды, оқушыларды және студенттерді бағалау

- a) Мектеп директоры ерекше дарынды балаларды келесі жылдық сыныпқа ауыстыра алады. Келесі сынып жоғары ауысу үшін оқушы өзі оқымайтын мектеп бағдарламасы бойынша емтихан тапсыруы тиіс. Емтиханда берілетін сұрақтар мен оның ауқымдылығын мектеп директоры бекітеді.
- b) Жекелей оқытылатын оқушы әрбір семестрде міндетті түрде оқытылатын мектеп пәндері бойынша емтихан тапсырады. Егер тиісті семестрдің аяғында жеке оқытылатын оқушыны бағалау мүмкін болмаса, мектеп директоры бағалау күнін өзгертеді, осылайша семестр аяқталғаннан кейін екі айдың ішінде бағаланады. Егер оқушы тиісті оқу жылының екінші семестрінде емтиханнан құлап қалса немесе оқушыны семестрдің соңында қайта тапсырылатын емтиханда бағалау мүмкін болмаса, мектеп директоры жеке оқытуға рұқсат бермейді.

12. Орынсыз және қауіпті әрекеттерді қарастыру ережелері

- a) Мектеп ережелерін бұзу жағдайларын бағалауға арналған нақты ережелер мектептегі қарым-қарым қатынастың жақсы болуына бағытталған.
- b) Бастауыш мектеп оқушыларының мінез-құлықтарына қатысты қауіп факторларына қатысты алдын ала бағдарламасына сәйкес мынадай ережелер жасалды. Олар мектеп ережелерін бұзу жағдайларын қарастыруға қатысты процедураны орнатады:
- c) мектеп ережелерінде көрсетілген мінез-құлыққа қатысты ережелердің өрескел бұзылғандығы және олардың ықтимал салдары туралы оқушының заңды өкіліне дереу әрі дәйекті түрде хабарласамыз және істің мән-жайына байланысты (спирттік ішімдік және басқа да интоксиканттар қабылдаған жағдайда) дереу заңды өкілге хабарласамыз, ал жағдай одан да қиын болса, дәрігер шақырамыз, Чех Республикасының полиция қызметкерлерін және балалардың әлеуметтік және заңды құқығын қорғау жөніндегі орган қызметкерлерін шақырамыз.

Дисциплинарлық шаралар және оқушы тәртібін бағалау

- a) Мектеп ережелерін бір рет немесе бірнеше рет бұзған жағдайда, дисциплинарлық шаралар қолданылады немесе классификациялық кезеңнің соңында тәртіпке қойылған баға ретінде көрініс табады.
- b) Ереже бұзу өрескелдігіне байланысты Мектеп ережесін бұзған оқушыға дереу дисциплинарлық шара қолданылады:
 - Сынып жетекшісінің ескертуі;
 - Сынып жетекшісінің сөгісі;
 - Мектеп директорының сөгісі.
- c) Классификациялық кезеңдегі оқушы тәртібін бағалаудың тағы бір құралы – классификация кезеңінің соңындағы баға:
 - a. Тәртіпке қойылатын 2-лік баға
 - b. Тәртіпке қойылатын 3-лік баға
- d) Мектеп ережелерін өте өрескел бұзған жағдайда, тәртіпке төмен баға қоюмен қатар дисциплинарлық шара да қолданылуы мүмкін. Әсіресе оқушының мектеп қызметкеріне сөзбен және физикалық тұрғыда шабуыл жасауы Мектеп ережелерін өте өрескел бұзу болып саналады. Педагогикалық кеңесте талқылағаннан кейін мектеп директоры төменде көрсетілген мысалдардан бөлек дисциплинарлық шаралардың барлығын қолдануы мүмкін.
Жазалау дәрежесіне қатысты ұмыту және ұмыту жағдайларының саны туралы жазбаларды мұғалім немесе сынып жетекшісі шешеді. Мұғалім белгілі бір пәндегі сабақта ұмыту жазбаларына қатысты немесе мектептегі әрекет туралы ережелерді орнатады және оларды балаларға алдын ала таныстырады. Содан кейін оқушы есеп беруі, қажет болған жағдайда, оқушының күнделігіне жазуы керек болады.
- e) Бірінші және екінші жылы ұмыту жағдайларын мұғалім өзі жазады.
- f) Мектеп ережелерін кішігірім бұзу жағдайларының санын, ұмытып кету жағдайларының санын және Мектеп ережелерін бұзу өрескелдігін мұғалім әр айдың соңында әрбір оқушы үшін бағалайды.
- g) Оқушының тәртібі классификация кезеңінде (семестр) бағаланады. Сынып жетекшісінің ескертулері мен сөгістері әдетте дереу жасалады, ал басқа дисциплинарлық шаралар педагогикалық кеңесте талқыланғаннан кейін ғана жасалуы керек. Тәртіпке берілетін баға тек классификациялық кезеңнің соңында қойылады.

Мектеп ережелерін бұзудың ең жиі кездесетін жағдайларын бағалау мысалдарына шолу

Сабаққа келмеу

Оқушылар мектепке дұрыс келіп жүруі және тиісті білім алулары керек. Ата-аналарға оқушыларды қалай сұрап алу керектігі жөнінде хабарланады. Егер сабаққа келмеу сағаттарының саны 22-ден жоғары болса, бұл жағдай туралы балалардың әлеуметтік және заңды құқықтарын қорғау жөніндегі органға хабарланады.

Жазалау ауқымы:

- (а) сабаққа келмеу сағаттарының санына сәйкес – оқушының тәртібіне қойылатын баға төмендейтіні туралы сынып жетекшісі ескертеді;
- (В) мектеп ғимаратынан өз еркімен кетіп қалу – мектеп директорының сөгісі, тәртіпке қойылатын баға төмендейді.

Мектеп ережелерін бұзу

Жарақат дәрежесіне және қанша рет қайталанғанына байланысты әдейі жарақаттау жағдайы бағаланады.

Жазалау ауқымы:

- (а) бірінші жағдай – өрескелдігіне байланысты – мектеп директорының сөгісі;
- (б) жағдай қайталанатын болса – тәртіпке қойылатын баға төмендейді.

Қорлау

Қорлауға қатысты жағдайды зерттеу, дәлелдеу және шешу процедурасы Білім, жастар және спорт министрлігінің нұсқауы бойынша орындалады.

Жазалау ауқымы:

- (а) қорлау белгілері – өрескелдігіне байланысты – сынып жетекшісінің сөгісі, мектеп директорының сөгісі;
- (б) жан-жақты қорлау – тәртіпке қойылатын баға төмендейді.

Мүлікті зақымдау

Өз әрекеттеріне байланысты пайда болған зақымға әркім жауап береді. Мектеп мүлкіне зақым келтірген немесе бұзған жағдайда, мектеп оны істеген адамнан өтемақы немесе зақымды жөндеуін талап етеді.

Жазалау ауқымы:

Мектеп мүлкін зақымдау:

Бағалау жұмысы жоғарыда айтылған зақымға және оның қалай және қандай жағдайда пайда болғанына қарай жасалады.

- (а) бір рет – сынып жетекшісінің ескертуі;
- (б) бірнеше рет – жағдайлар санына байланысты – мұғалімнің немесе мектеп директорының сөгісі;
- (с) егер оқушы бұған дейінгі шараларды ескермей, мектепке тиесілі мүлікке әрі қарай зақым келтіретін болса, тәртібіне қойылатын баға төмендейді.

Ұрлық

Келтірілген шығынға байланысты біреуге тиесілі затты ұрлау қылмыстық немесе Чех Республикасының заң бұзушылық ісі ретінде қарастырылады.

Жазалау ауқымы:

Мектепке тиесілі мүлікті немесе жеке мүлікті ұрлау:

- (а) оқушының тәртібіне қойылатын баға төмендейді;
- (В) оқушы және оның заңды өкілі тергеу барысына белсенді көмек көрсетсе, тағайындалатын жаза жеңілдеуі мүмкін.

Қару-жарақ және денсаулыққа зақым келтіретін заттарды ұстау

Жазалау ауқымы:

- (А) затты мектепке алып келу және оны қолданбау – сынып жетекшісінің ескертуі, сынып жетекшісінің сөгісі, мектеп директорының сөгісі;
- (В) қаруды қолдану – мектеп директорының сөгісі, тәртіпке қойылатын баға төмендейді.

Спирттік ішімдік, есірткі, темекі өнімдері

Оқушылардың барлығына спирттік ішімдіктерді ішуге және есірткілік заттарды, темекіні қолдануға және ондай заттарды мектепке әкелуге тыйым салынады.

Сонымен қатар денсаулық сақтау мақсатында мектепке спирттік ішімдік немесе басқа интоксиканттар қабылдаған күйде кіруге тыйым салынады.

Мектеп территориясында темекі шегуге **қатаң тыйым салынған**; ол заң талаптарын бұзу болып саналады. 18-жасқа толмаған балаларға спирттік ішімдік ұсыну, сату және рұқсат ету қылмыстық жауапкершілікпен қудаланады. Мектеп ондай жағдайды Чех Республикасының полиция органдарына міндетті түрде хабарлауы керек.

Егер мектеп басшылығы осындай жағдайдың орын алғанын біліп қойса, оны оқушының заңды өкіліне және әлеуметтік және заңды құқық қорғау жөніндегі органдарға хабарлайды. Жоғарыда айтылғанда мектептегі іс-шараларға да қатысты.

Жазалау ауқымы:

Мектепке келгенге дейін, мектепте немесе мектеп іс-шаралары барысында есірткілік заттарды (спирттік ішімдік, есірткілер, темекі өнімдері) қолдану

(а) мектеп директорының сөгісі – тәртіпке қойылатын баға төмендейді.

Жоғарыда айтылған заттарды тарату

(b) тәртіпке қойылатын баға төмендейді.

Оқушы темекі өнімдерін (сондай ақпарат келіп түссе, бос уақытта ұсталып қалса) тартқандығы туралы күдік пайда болса, мектеп бұл жағдайда оқушының ата-анасына немесе заңды өкіліне хабарлайды.

Мектеп ережелерін болмашы бұзу жағдайлары

Жазалау ауқымы:

қайталану жиілігі мен өрескелдігіне қарай бағаланады – сынып жетекшісінің ескертуі, сынып жетекшісінің сөгісі, мектеп директорының сөгісі беріледі, тәртіпке қойылатын баға төмендейді;

Мектеп ережелерінің бұзылғандығы туралы ақпарат түсе салысымен дереу, ал күрделі жағдайларда 30 күннің ішінде зерттеледі. Дисциплинарлық шара қолдану немесе тәртіпке қойылатын бағаны төмендету ұсынылса, педагогикалық кеңес жасалады. Оқушы да, оның заңды өкілі де өз көзқарастарын білдіре алады. Нақты дисциплинарлық шараның қандай болатынын мектеп директоры шешеді.

Күнделікті жоғалту

Жазалау ауқымы:

(а) жаңа күнделік жасауға кететін шығынды төлеу;

(b) Қайта жоғалтқан жағдайда – сынып жетекшісінің сөгісі; одан кейінгі жоғалту жағдайлары – мектеп директорының сөгісі; одан кейінгісі тәртіпке қойылатын бағасы төмендейді. Оқушы әр мұғалімге бағаларды қайта қойдырып шығуға міндетті.

Мектеп ережелері жиі бұзылатын жағдайлардағы

жекелеген дисциплинарлық шараларды қолданудың мысалдары туралы жалпы ақпарат:

Кейбір жағдайда дисциплинарлық шараларды сынып жетекшісі тағайындайды; ушығып кеткен жағдайларда, педагогикалық кеңесте талқылағаннан кейін дисциплинарлық шараларды мектеп директоры тағайындайды.

(а) сынып жетекшісінің ескертуі

Сыныптағы оқушылардың мазасына алу;

Анайы сөздерді қолдану;

Аяқ киімін ауыстырмау;

Мектепке тиесілі мүлікке бір рет болмашы зақым келтіру;

Мектеп асханасында тәртіпке қатысты ережелерді бұзу;

Мобильдік телефондар, ойнатқыштар, басқа байланыс құрылғыларын пайдалану және

мектептің рұқсатынсыз фотосуретке түсіру, аудио немесе видео жазбалар жасау;

Үзіліс кезінде Мектеп ережелерін бұзу;

Сыныптастарына әдейі шабуыл жасау – бірінші жағдай;

3 ұмыту жазбасы;

бұзақылық жасаудың және Мектеп ережелерін бұзудың 3 жазбасы;

(b) сынып жетекшісінің сөгісі

Бұған дейін жасаған бұзақылықтарын және Мектеп ережелерін бұзу жағдайларын қайталай беру және үдете түсу;

Бұған дейінгі қолданған шараларды ескермеу;

Анайы және дөрекі сөздерді қайта қолдану;

Мектепке тиесілі мүлікті зақымдау;

Сыныптастарына тиесілі мүлікті зақымдау;

Жазбаша емтихандарда және сынақтарда көшіру, күнделікке қойылған бағаларды өзгерту;

Мектептің рұқсатынсыз сабақ барысында мобильдік телефондарды, ойнатқыштарды және басқа байланыс құрылғыларын қайта пайдалану,

сондай-ақ фотосуретке түсіру, аудио немесе видео жазбалар қайта жасау;

Күнделікті қайта жоғалту

5 ұмыту жазбасы;

бұзақылық жасаудың және Мектеп ережелерін бұзудың 5 жазбасы;

Пиротехникалық және денсаулыққа зиян келтіретін басқа заттар (мектепке немесе мектеп ұйымдастырған іс-шараларға әкелу, бірақ қолданбау).

(с) мектеп директорының сөгісі

Бұған дейін жасаған бұзақылықтарын және Мектеп ережелерін бұзу жағдайларын қайталай беру және үдете түсу;

Бұған дейінгі қолданған шараларды ескермеу;

Мектеп территориясында, оның ішінде мектептен тыс жерде ұйымдастырылған іс-шараларда

және мектеп ұйымдастырған басқа шараларда темекі шегу – бірінші жағдай;

Жүйелі түрде дөрекі мінез көрсету;

Пиротехникалық және денсаулыққа зиян келтіретін басқа заттар (мектепке немесе мектеп ұйымдастырған іс-шараларға әкелу немесе оларды қолдану).

Мектептен өз бетінше кетіп қалу;

Жазбаша емтихандарда және сынақтарда қайта-қайта көшіру, күнделікке қойылған бағаларды қайта өзгерту;

8 ұмыту жазбасы;

бұзақылық жасаудың және Мектеп ережелерін бұзудың 8 жазбасы.

Себепсіз сабаққа келмеу – 3 сағатқа дейін;

Физикалық түрде қорлау және денсаулыққа әдейі зиян келтіру.

(D) Тәртіпке қойылатын бағаны төмендету – 2-лік баға

- Бұған дейін жасаған бұзақылықтарын және Мектеп ережелерін бұзу жағдайларын қайталай беру және үдете түсу;
- Бұған дейінгі қолданған шараларды ескермеу;
- Бағаны көтермелеп қайта жазу арқылы алдау;
- Жүйелі түрде және қайта-қайта дөрекі мінез көрсету;
- Оқушының мектеп қызметкерлеріне қатысты анайы сөздер қолдануы;
- Мектептен кетіп қала беру;
- Мектеп территориясында, оның ішінде мектептен тыс жерде ұйымдастырылған іс-шараларда темекі шегу – бірнеше рет
- Денсаулыққа әдейі зиян келтіру – бірнеше рет немесе жарақат деңгейін арттыру;
- Мектепте, мектеп айналасында және мектеп ұйымдастырған шараларда спирттік ішімдік, басқа да есірткі және психотроптық заттар қолдану;
- Басқаларға тікелей сөзбен бірнеше рет қорлау (сөзбен аргессия көрсету, мазақтау, келемеждеу, жала жабу);
- Ұрлық
- Сынып жетекшісінің ескертуі, сынып жетекшісінің сөгісі және мектеп директорының сөгісі қолданылды, бірақ оқушы түзелмеді;
- Себепсіз сабаққа келмеу – 4-7 сағатқа дейін;
- 10 және одан да көп ұмыту жазбалары;
- бұзақылық жасаудың және Мектеп ережелерін бұзудың 10 және одан көп жазбасы;

(e) Тәртіпке қойылатын бағаны төмендету – 3-лік баға

- Бұған дейін жасаған бұзақылықтарын және Мектеп ережелерін бұзу жағдайларын қайталай беру және үдете түсу;
- Бұған дейін жасаған бұзақылықтарын және Мектеп ережелерін бұзу жағдайларын үдете түсу;
- Бұған дейінгі қолданған шараларды ескермеу;
- Денсаулыққа әдейі зиян келтіру;
- Ашық қорлау – тікелей, белсенді (сөзбен немесе физикалық шабуылмен);
- Ашық қорлау – жанама, белсенді (шабуыл жасауға шақыру)
- Қайта ұрлық жасау;
- Себепсіз сабаққа келмеу – 8-21 сағатқа дейін;
- Мектеп ережелерін өте өрескел бұзу;
- Сыныптастарға, мұғалімдерге немесе мектептің басқа қызметкерлеріне психологиялық шабуыл жасау.

13. ҚОРЫТЫНДЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Классификация ережелері жаңа Мектеп ережелері шыққанға дейін жарамды болады.

Классификация ережелері педагогикалық кеңесте мына күні қаралды: 30 тамыз 2018 және

Классификация ережелері педагогикалық кеңесте мына күні расталды:

Сынып жетекшілері өз оқушыларына Мектеп ережелерін таныстырды.

Оқушылардың заңды өкілдері Мектеп ережелерімен танысты және оған қатысты нұсқауларды алды, сонымен қатар күнделікке жазбаша түрде онымен танысқанын растады.

Классификация ережелері тиісті түрде жарияланды.

Классификация ережелері мына күннен бастап күшіне енеді:

..... 1 қыркүйек 201...

Мектеп директоры

Классификациялық ережелерді қадағалайтын нормативтік актілерге шолу:

Өзгертілуіне қарай мектепке дейінгі білім беру, бастауыш мектеп, орта мектеп, жоғарғы кәсіби және басқа білім туралы № 561/2004 заң (Білім туралы заң).

Өзгертілуіне қарай орта білім және консерваториядағы білім туралы №13/2005 бұйрық.

Өзгертілуіне қарай негізгі білім беру және міндетті білім алуға қатысты кейбір талаптар туралы №48/2005 бұйрық.

Өзгертілуіне қарай арнайы білім алуды қажет ететін балаларға, оқушыларға және студенттерге және өте дарынды балаларға, оқушыларға және студенттерге білім беру туралы №27/2016 бұйрық.